

Сведения об авторе (авторах):

Жандилдина Р.Е., Темирханова Қ.Ш. Ильяшева Л.Б. - Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан. А.Байтұрсынов атындағы өңірлік университеті

УДК 740

ББК 74,1

БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫН ДАМУЫНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жандилдина Р.Е., Есиргепова В.Ж., Сұлтанбекова Ж.Х

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан
А.Байтұрсынов атындағы өңірлік университеті

Аңдатпа: Халық педагогикасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп, балалардың ойлау қабілеттерін, сана-сезімін оқу және еңбек процесінде дамытуды айтады. Ғылыми педагогикалық анықтамасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп балалардың ақыл-ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл-ой еңбек мәдениетін дамытудағы тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекетін түсіндіруді айтамыз.

Кілт сөздер: Халық педагогикасы, ақыл-ой тәрбиесі, ойлау қабілеттері, ақыл-ой күштері, ақыл-ой еңбек мәдениеті, тәрбиешілер, мақсатты іс-әрекеті.

УДК 740

ВВС 74.1

ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ

Жандильдина Р.Е., Есиргепова В.Ж., Сұлтанбекова Ж. Х

Арқалық педагогикалық институты имені И. Алтынсарина, г. Арқалық, Қазақстан
Региональнй университет имені А.Байтұрсынова

Аннотация: Согласно народной педагогике, интеллектуальное воспитание означает развитие у детей мыслительных способностей, сознания в процессе учебы и труда. Согласно научно-педагогическому определению, интеллектуальное воспитание означает разъяснение целенаправленной деятельности воспитателей по развитию умственных способностей, мышления детей, развитию культуры умственного труда.

Ключевые слова: Народная педагогика, умственное воспитание, мыслительные способности, умственные способности, культура умственного труда, воспитатели, целенаправленная деятельность.

ETHNO-PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE MENTAL DEVELOPMENT OF CHILDREN

Zhandildina R., Esirgepova V. Zh., Sultanbekova Zh. Kh.

Arkalyk Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan
Baitursynov Regional University

Abstract: According to folk pedagogy, intellectual education means the development of children's mental abilities, consciousness in the process of study and work. According to the scientific and pedagogical definition, intellectual education means an explanation of the purposeful activities of educators to develop mental abilities, thinking of children, and the development of a culture of mental work.

Keywords: Folk pedagogy, mental education, mental abilities, mental abilities, culture of mental work, educators, purposeful activity.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың әсерленгіш, еліктегіш, ойлауды, сөйлеуді меңгеруімен алғаш рет бөтен ортаға бейімделуімен сипатталатын кезең Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады. «Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл процесінің тоқсан проценті», - деп Жүсіп Баласағұни балалық кезеңдегі тәрбиенің маңызын анық көрсеткен. Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы.

Қазіргі Қазақстан балабақшаларында білім бері беру және тәрбиелеу теориясы жөнінде бағыт нұсқаушы материалдармен қатар өткен мұраларға барынша мұқият қарап, бүгінгі күн талабына сай талдап, оның ішінен пайдалы ілімдерін ала білу ұлттық педагогика үшін аса қажет шарттардың бірі. Бүгінгі таңда республикамыздың білім беру жүйесі ақыл-ой тәрбиесі мәселесіне жете көңіл бөліп, педагогикалық-психологиялық зерттеулер арқылы жас ерекшелігіне байланысты ақыл-ойдың қалыптасуы мен дамуына жол салуда[1].

Бүгінгі күн талабы-баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы - ойын әрекеті, яғни, ойын - баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Мектепке дейінгі балалардың ойлау қабілеттерінің дамуына зерттеу әдістерінің тигізетін әсері өте үлкен.

Ақыл-ойдың дамуы - бұл бала жасына, тәжірибесінің молаюы мен тәрбиелік ықпалдарының әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүреді. Таным процестері жетіледі, бала ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Баланың ақыл-ойы дамуын қамтамасыз ету оның барлық кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар,

Ақыл-ойды дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадғылармен араласу барысында тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін игереді. Ақыл-ойды неғұрлым тиімді дамыту, оқыту мен тәрбиелеу негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі педагогика ғылыми ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері-білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, шығармашылық ойды дамыту және жаңа білімдер алуға қажетті танымдық қызмет әдістерін меңгереді деп есептейді[2].

Ой дамыту – тіл дамытумен ұштасады. Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі- жаңылтпаш, жұмбақ айтқызып, оның шешімін табу. Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баланың тілін шындай түсіп, асықпай, жатық еркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Балаларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді. Ойлау жоғары психикалық функциялардың бірі болып табылады. Процесс ретінде пайда болып, өмірлік іс-әрекетке байланысты дами отырып, салыстырмалы түрде өзінің мотивіне, мақсатына, тәсіліне ие іс-әрекетке айналады. Сонымен, мектепке дейінгі балалардың ақыл-ойының дамуына оның әлеуметтік ортасы, отбасындағы қарым-қатынас, ойын, білім, заттық іс-әрекеттер арқылы ықпал ету, онымен санасу, оны қызықтыратын барлық нәрселерге үлкен мән беріп, ықпал ету жатады. Бала дамуын балабақшада тәрбиешілер, үйінде ата-анасы үлкен назарға алуы тиіс .

Қазіргі білім беру саласындағы даму тенденциясының қарқындылығына орай кейбір маңызды болып келетін мәселелер өз шешімін таппай отыр. Сондай өзекті мәселелердің бірі – балалардың ақыл-ойын дамытудың этнопедагогикалық шарттары. Кейбір зерттеуші ғалымдар осы мәселе төңірегінде сыңаржақ пікірлер айтып жүр. Бір қарағанда зерттеуді қажет етпейтін, бүгінгі таңда ешқандай маңыздылығы жоқ сияқты болып көрінетін бұл мәселені, шындығына келгенде, ертеңгі күнге қалтырмай, дәл бүгін егжей-тегжейлі зертеу керек деп ойлаймыз.

Халық педагогикасында оқыту мен білім берудің принциптері қазіргі ғылыми педагогика тұжырымдарымен ұштасып жатыр. Халық білім мен өмірдің тығыз байланысты болуын талап етті. Халық педагогикасы оқытудың көрнекі болуын ойдан шығарған жоқ. «Көзбен көрген, құлақпен естіген ақиқат емес, тек қана мұқият зерттелген ақиқат». Халық педагогикасында тәрбие, оның бөліктері туралы ұғымдардың анық-тамаларының да ғылыми педагогиканың анықтамаларымен сәйкес келетіндігі байқалады.

Халық педагогикасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп ,балалардың ойлау қабілеттерін, сана-сезімін оқу және еңбек процесінде дамытуды айтады. Ғылыми педагогикалық анықтамасы бойынша

ақыл-ой тәрбиесі деп балалардың ақыл-ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл-ой еңбек мәдениетін дамытудағы тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекетін түсіндіруді айтамыз. Бірақ бала өмірінің іс-әрекеті тек тәрбиешілердің мақсатты ықпалымен шектелмейді. Оған қосымша баланы қоршаған ортаның ықпалдары мен әсерлерін еске алу қажет. Бұл кеңірек, ақыл-ойдың дамуы ұғымымен айқындалады. Ақыл-ой тәрбиесі тұлғаның жан-жақты дамуының негізі[3].

Ақыл-ой тәрбиесіне екі ұғым кіреді: зер салып ойлау және ақыл-ой күштері. Белгілі психологтар мен педагогтардың еңбектерінде ойлаудың түрлері, олардың мәні, мазмұны жеткілікті зерттелген мәселелердің бірі. Сондықтан біз жеке-жеке ойлаудың түрлеріне тоқталамыз. мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын дамытудың басты құралы – ойын және оқыту үрдісі. Оның барлығы танымдық іс-әрекеттерін дұрыс ұйым-дастыру арқылы жүреді. Оқу-тәрбие үрдісінде халық педагогикасының жетістіктерін қажетті деңгейде қолдануға мүмкіндік бар. Соның ішінде балалардың ақыл-ойын дамытуға тікелей әсер ететін жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, мақал-мәтел, шешендік сөздер, жұмбақ-айтыс этнопедагогикалық құралдардың алатын орны ерекше.

Жұмбақ жанры ана тілінің нәрлі, бейнелі сөздеріне қызықтырып, баланы халық поэзиясы әлеміне баурайды, оған эстетикалық ләззат береді. Баланың ақыл ой қабілетін дамытып, ой-өрісін, танымдарын кеңейтеді. Жұмбақтар заттардың, нәрселердің, құбылыстардың қыр-сырларын талдауға, салыстыруға айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табуға үйретеді. *Жаңылтпаштар* баланы сөз мағынасын бұрмаламай, абайлап, анық сөйлеуге үйретеді. Айналадағы көріністермен, құбылыстармен таныстыратын қызықты жанр. Балалардың тілін ұстартудағы тәрбиенің бір түрі- жаңылтпаш айтқызу. Жаңылтпаш айтуда көзделетін мақсат, біріншіден, жиналғандарды күлдіріп, көңіл көтеру болса, екіншіден, әр сөзді тез, шебер, дәл айтуға, тіл ұстартуға үйрету болып табылады.

Жаңылтпаш – тіл ширату тәсілі. Халық баланың тілін ширату үшін оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған. Балалардың тілі шығып, сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой – қиялы дамиды, тәрбиеленеді.

Қазақ халқы жаңылтпаштарды бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бала мен тілі шыққан балалардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады, сондықтан жаңылтпаштар көбінесе осы дыбыстар кездесетіндей етіп ұйқастырылады.

Ертегілер баланың қиялын шарықтатып, балалық шақтың болашағын елестетіп, келешекке сеніммен қарауға тәрбиелейді. Қазақ ертегілері әрқилы. Оларды: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер, батырлық ертегілер, күлдіргі ертегілер деп бірнеше топқа бөлуге болады. Хайуанаттар туралы ертегілер көне заманда елдің және аңдардың, малдың киесі бар деген сенім қалыптасқан кезде пайда болған. Ол дами келе, тыңдаушыны қуантатын, көңілдендіретін ертегілермен толысты. Ертегілердің ішінде баланың қиялын шарықтатып, балалық шақтың болашағын елестетіп, келешекке сеніммен қарауға тәрбиелейтін ең әсерлі ертегілер – қиял – ғажайып ертегілері. Ертеде «Ұшқыш кілем» ойлап шығарған халық енді «Зымыранның» өмірде бар екенін тілге тиек етіп, жұлдыздар мен планеталарды еркін аралайтын алыптар туралы ертегілер шығарды. Мұндай ертегілердің көпшілігі ғылым болжамдарына сәйкестендіріліп шығарылады [4].

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жұмбақ, мақал – мәтелдер жинағы жоқ болғандықтан авторлар орасан зор маңызын еске алып, оқулықтарға бірсыпыра жұмбақ, мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар енгізген. Халық ауыз әдебиеті үлгілері балаларға мейлінше жақын, барынша түсінікті дүние болғандықтан, ол арқылы балалар қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік, әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алады. Мұның өзі баланың жеке тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын қуаттайды. Ауыз әдебиетінің қай жанрын алсақ та, оның педагогикалық тұрғыдан тәрбиелік-білімдік мүмкіндіктерінің саналуандығы көрінеді. Халық ауыз әдебиет үлгілерін беруде мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескерген дұрыс. Шамадан тыс мөлшерде сабақта халық ауыз әдебиет үлгілерін ұсынған да дұрыс емес. Өйткені ол мектеп жасына дейінгі балаларды жалықтырып жіберуі мүмкін.

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі бесік жыры, тұсау кесу жыры, төрт түлік жырлары, арнау-тілек өлеңдері, ойын өлеңдері, өтірік өлеңдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын дамытуға зор ықпал етеді.

Халық педагогикасында тәрбие, оның бөліктері туралы ұғымдардың анықтамаларының да ғылыми педагогиканың анықтамаларымен сәйкес кенетіндігі байқалады. Халық педагогикасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін, сана-сезімін оқу және еңбек процесінде дамытуды айтады. Ғылыми педагогикалық анықтамасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл-ой еңбек мәдениетін дарытудағы тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекетін түсіндіруді айтамыз. Бірақ бала өмірінің іс-әрекеті тек тәрбиешілердің мақсатты ықпалымен шектелмейді. Оған қосымша баланы қоршаған ортаның ықпалдары мен әсерлерін еске алу қажет. Бұл кеңірек, ақыл-ойдың дамуы ұғымымен айқындалады. Ақыл-ой тәрбиесі тек ойдың ғана емес, оның дамуы ойлау процесінің құбылыстарымен сипатталады. Даму-баланың сандық және сапалық жағынан жетілуі, психиканың, ой-сананың өсуі[5].

Ақыл-ойдың дамуы дегеніміз-баланың жасына байланысты білім мен тәрбиенің әсерінен, тәжірибе жинақтауынан оның ақыл-ой әрекетінде болатын сандық және сапалық жағынан жетілуі, психиканың, ой-сананың өсуі. Ақыл-ойды дамытудың шарты-жастардың сан қилы іс-әрекетінің тиімді ұйымдастырылуы, әлеуметтік ортаның әсері, адамдардың қарым-қатынасы, тілді меңгеруі, қабылдауы мен түйсінуді, берілетін ғылым, білім сапасы.

Жас ұрпақтың ақыл-ойының дамуы еңбек пен ғылым-білімнің ұштасуына байланысты. Қоғамдағы барлық байлық-адамның ақыл-ойымен, екі қолымен жасалатын еңбектің нәтижесі, ғылым мен техника, бүкіл өнер туындылары, еңбек пен ақыл-ой қызметінің жетістіктері. Халықтық педагогикада “Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ”, “Оқу білім бұлағы, білім-өмір шырағы”, “Ақыл озбайды, білім тозбайды”, “Оқу түбі-тоқу”,- деп қарапайым өмір тәжірибесінен туындаған қағидаларды жас ұрпақтың ақыл-ойын тәрбиелеу үшін пайдаланылған. Халық бар дүниенің тетігі ғылымда, оны төзімді еңбекпен аласың деп, заңғар ойлы, парасатты, әділдік жолында алыса білген адамдарды үлгі - өнеге еткен. И.П.Павлов адамның сөзі барлық нақты тітіркендіргіштің орнына жүреді де, ол ми қабығында сан алуан тежеулер мен қозу тудырады. Сөз жеке зат туралы, толып жатқан біртектес заттар туралы мәліметтер беріп, сол арқылы ойлауға, ой қорытындысын жасауға, түрлі ұғымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сөз адамды тәрбиелеу, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибені сақтау, білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу құралы болып табылатындығын айтқан болатын.

Қорыта айтқанда, ақыл-ой тәрбиесі — адам зиялылығының негізі. Ақыл-ой тәрбиесіне екі ұғым кіреді: зер салып ойлау және ақыл-ой күштері.

Белгілі психологтар мен педагогтардың еңбектерінде ойлаудың түрлері, олардың мәні, мазмұны жеткілікті зерттелген мәселелердің бірі.

Әдебиеттер:

- 1 Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, РБК, 1993.
- 2 Құрсабаев М.Р. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселелері. – Алматы, 1993.
- 3 Ғаббасов. С. Халық педагогикасының негіздері. -Алматы, 1998 ж
- 4 Мұқанова Б.Ж. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педколледждің оқу-тәрбие процесінде пайдалану, Алматы, 1998.
- 5 Сәтімбекова М.С. «Ойна да ойлан» Алматы.2000 ж

Сведения об авторе (авторах):

Жандильдина Р. Есиргенова В. Ж. Султанбекова Ж. Х. - Аркалыкский педагогический институт имени И. Алтынсарина, г. Аркалык, Казахстан, Региональный университет имени А.Байтурсынова